

ЖОЛДАУҒА - ҚОЛДАУ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

Заңнамалық қолдау – ел дамуына жаңа серпін береді

Өткен 2017 жылы ел өмірінде бірқатар елеулі оқиғалар орын алды. Қазақстан өзінің үшінші жаңғыруына аяқ басып, рухани әлемінің жоқ-жітігін түгелдеуге беттеді. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүше болуы, ел кіндігі Астанада ТМД мемлекеттері арасында тұңғыш рет ЭКСПО-2017 көрмесінің өтуі тауық жылында орын алған ауыз толтырып айтарлық жетістіктеріміз. Осы және өзге де ірі істер мен олардың тиісті заңдық негіздемесі туралы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төмендегі сұхбатында баян етілген.



– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Жаңа жылдың қутты болсын! Биылғы жыл Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауымен басталып жатыр. Сұрағымызды ел дамуының жаңа кезеңі және Индустрияландырудың 4.0 бағдарламасы кеңінен баяндалатын құжат туралы пікіріңізді білуден бастасақ...

– Иә, жаңа жыл бәрімізге әлеуметтік өрлеу мен экономикалық дамудың жаңа кезеңі болсын! Мемлекет басшысы 10 қаңтарда Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбында кезекті Жолдауын жариялады. Бұл ел дамуы үшін аса маңызды құжат. Рәсімде де индустрияландыру 4.0 жаңа технологиялық қалыптасқан барлық мүмкіндіктерін пайдалануға, мейлінше инновациялық сипатқа ие болуға тиіс. Біз Парламентте Елбасының стратегиялық маңызы бар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауындағы тапсырмаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуді назарда ұстайтын боламыз.

– Жолдауда айтылған міндеттер биылғы жылдың басты бағдары болары белгілі. Ал енді бытырғы жылдың есте қалар ерекшелігі неде болды?

– Ұлы Абай «Сағаттың өзі ұры шықпағанда, өмірді білдірмеген, күнде ұрпаған», – деген ой, сыналпай сырғып білініп өте шығатын уақыт туралы. Сол тұтаусыз уақыттың тағы бір жылын артқа тастадық. Бір қарағанда, қас қағымда өте шыққандай көрінгенімен, ауқымды жаңғыру жолына түскен Қазақстан үшін де, көз ілеспес жылдамдықпен дамып, күніне қырық құбылып жатқан жаһан үшін де бұл жыл – үлкен өзгерістерге толы болды. Бытыр жыл басында Елбасы халыққа Жолдауында институттық реформаларды бетке алған Қазақстанның қарыштап дамуына қарқын беріп, жаңа стратегиялық бағыттарды белгілеп берді. Еліміздің үшінші жаңғыруының басталғаны жария етті. Бұл – теңдессіз тарихи құжат болатын. Оның өзегінде саяси реформа, экономикалық және қоғамдық сананы жаһандық дамуға лайық жаңғырту жатыр. Ел экономикасының құрылымдық жаңғыруына бағытталған стратегиялық құжат ел ішінде талқыланып, ғылыми тұрғыда дәйектеліп, көпшілікпен қолдау тапты. Бұл – өткен жылдың басты ерекшелігі болды.

Тауық жылының екінші ерекшелігі, Елбасының рухани жаңғырудың басталғанын паш еткен мақаласы. Мақала ұлт рухын көтерді. Намысын жаныды. Ұлттық сананы жаңа сапаға көтерудің жалпы бағытын белгілеп берді. Елбасының бұл мақаласында біздің қоғамның идеологиялық жаңғыру бағыты анықталды. Онда айтылған ұсыныстарда, шын мәнінде Қазақстанның өркениеттік таңдауы айқындалды. Рухани жаңғыру бағдарламасын бір-

тіндеп жүзеге асыра отырып, халқымыз болашақта тарихын мақтан тұтатын және заманауи дамудың алдыңғы сабында жүретін озық ұлттың үлгісін әлемге көрсетуі қажет.

Өткен жылдың үшінші ерекшелігі, Президенттің бірқатар өкілеттіктерін Парламент пен Үкіметке берілуі. Осыған орай, Парламент Конституцияға түзетулер қабылдады. Қызмет атқарып жүрген мемлекет басшысы құзыретін биліктің тармақтарына өз еркімен беруі, дүниежүзіндегі саяси өмірде өте сирек кездесетін құбылыс.

2017 жылдың төртінші ерекшелігі, Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүше болуы. Бұл – отандық дипломатияны күрделі жаһандық мәселелерге тікелей қатыса алатын жаңа

бейбітсүйіш саясаты мен төл мәдениетін әлемге танытуға жол ашты. Экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуына тың мүмкіндік беретін тиімді келісімдер жасалды.

– Елбасы бытыр Парламент сессиясының ашылуы барысында қос Палатаның алдына нақты міндеттер қойып, еліміздегі реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жалғастырудың маңыздылығын атап өткен еді. Парламент Елбасы алға қойған міндеттерді толық орындай алды ма?

– Парламенттің 2017 жылғы қызметі негізінен «Үшінші жаңғыру» Жолдауын заңнамалық тұрғыда қолдауға

ді. Депутаттар алдағы жылы Президент Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыруды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыратын болады. Сенатта халық денсаулығы кодексінің жүзеге асуы, банк секторының рөлі, «Цифрлық Қазақстанның» орындалуы, сондай-ақ құқық қорғау қызметінің мәселелері, тағы да басқа халықты толғандыратын тақырыптарда парламенттік тыңдаулар ұйымдастыру жоспарланған. Сондай-ақ бытыр Сенатта өткен орта білім беру жүйесінің проблемаларына арналған парламенттік тыңдаулар ұсыныстардың орындалуына бағытына психологиялық бақылау жоспарланған. «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасының жүзеге асуы туралы үкіметтік сағат өткізіліп болады. Одан басқа, заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік және жекеменшік салаларды дамыту бағдарламаларын іске асыру мәселелері бойынша депутаттардың мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың басшыларымен ондаған кездесулері мен дөңгелек үстелдер өткізу де жоспарланды.

Әлемдік және дестүрлі діндер лидерлерінің VI Съезі 2018 жылдағы ерекше шаралардың бірі. Биылғы форумда да әлем алдында тұрған жалпы адамзатқа ортақ өзекті мәселелер көтеріледі. Діни көзқарастарға қатысты даулардың себептері мен салдары, дінаралық тәзімділік пен ынтымақ, әр ұлттың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау, әлемдегі халықаралық шиеленістерді шешуге қатысты ұсыныстар беру, жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы бірлесу үндеу қабылдау сияқты мәселелер талқыланады.

Ит жылы да кірді. Елбасының «Ұлы тарих кемел келешекке жетелейді» дегеніндей, кемел келешекке қажетті заңнамаларды қабылдау қызметін Парламент 2018 жылда тың күш-жігермен жалғасыра бермек.

Сұқбаттасқан Әділбек ҚАБА

БӘРЕКЕЛДІ!

Ташкентке автобус жүреді

5 қаңтар күні Шымкент – Ташкент халықаралық автобус бағдары ашылды. Аталған бағыт бойынша қалааралық жайлы автобустар сағат сайын күнделікті таңғы 6-дан 20:00-ге дейін жүреді. Жалпы, жол жүру уақыты техникалық алдамасыз 4 сағат. Автобустар, жол-ұшылар және қол жүгі кедендік тексеру мен шекаралық бақылаудан өткізіледі. Қазақстан жағынан Kaz-NetWorkBus ЖШС, ал Өзбекстан жағынан Man-zaraTourism ЖШС тасымалдаушылары белгіленген.

2018 жылы екі елдің басқа да ірі қалалары арасында кезек-кезекмен тұрақты автобус қатынасы іске қосылады деп жоспарлануда. Шымкент – Ташкент бағдары бойынша тұрақты халықаралық автокөлік тасымалын жасау рұқсаты 2017 жылдың 26 желтоқсанында берілді.



Сұқбаттасқан Әділбек ҚАБА

НАРЫҚ ҚЫЗЫҚТАРЫ

Трамвайлар сатылымға шығарылады

Алматыда трамвайлар бәссаудаға қойылатын болды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Электронды сауда 2018 жылдың 19



қаңтарында өтеді. Сатылымға 13 вагон шығарылады. Tatra KT4D маркалы трамвай құрамының сатылыны туралы хабарлама Электронды сауда алаңы сайтында шықты. Бұл техника 2013 жылы Берлинде сатып алынған Трамвай вагондары 2015 жылы трамвай депосы жабылғанға дейін жолаушы тасымалдады. «Алматыэлектротранс» ЖШС сатып алған 17 вагонның 13-і бәссауда арқылы сатылмақ. Қосымша құжаттарда вагондардың техникалық жағдайы қанағаттанарлық деп көрсетілген. Сарапшылардың айтуынша, бұл техника пайдалануға жарамды. Әр вагонның бағалау құны 103 510 000 теңгеге белгіленіп отыр. Бәссауда бағаның төмендеуімен жүреді. «Бұл сауда түрінде бастапқы баға төмендей береді. Бірінші келісім берген тұлға сатып алушы болады», – делінген Электронды сауда алаңының сайтында.

ӘЛЕУМЕТ



Зейнетақы қорындағы ақшаны үш жағдайда алуға болады

Елімізде зейнет жасына жетпей зейнетақы қорындағы ақшаны пайдалануға мүмкіндік бар ма? Зейнет жасына қамданғандардың шотында қанша ақша болуы тиіс? Бұл сұрақтарға Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Аймақтық даму және клиенттер қызметінің басшысы Асқат Мұқамедов КТК арнасына берген сұхбатында жауап берді.

Оның айтуынша, қазіргі таңда мемлекет зейнет жасына жетпей зейнетақы қорындағы ақшаны пайдалануға мүмкіндік береді.

«Ол үшін азаматтар мемлекеттік сақтандыру компаниясымен зейнет ануитеті шартын жасасуы керек. Онда екі талап қойылады. Ер азаматтар 55 жаста және зейнетақы қорындағы ақша 9 миллион 636 мың теңге болуы керек. Ал әйелдер 50 жаста және зейнетақы қорындағы ақша 13 миллион 746 мың теңгеге жетуі тиіс», – деді Асқат Мұқамедов.

Министрлік өкілі ерлер мен әйелдердің қорда жинайтын ақшасында айырмашылықтың болу себебін түсіндірді.

«Оған біріншіден ең төменгі зейнетақы мөлшерінің өсу ықпал етіп отыр, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап оның мөлшері 33 мың 745 теңгеге артып, екіншіден статистика бойынша әйелдер ерлерге қарағанда көп өмір сүретіні анықталған», – дейді Мұқамедов.

Ол зейнетақы қорындағы ақшаны үш жағдайда алуға болатынын атап өтті. «Бірінші жағдай, жоғарыда айтылғанындай, сақтандыру компаниясымен зейнет ануитеті шарты жасалуы керек, екіншісі, түпкілікті қоныс аударған жағдайда қордағы ақшаны толық алуға болады және үшінші жағдай, адамдар қайтыс болған жағдайда мұрагері, яғни балалары зейнетақы қорындағы ақшаны түгелдей ала алады», – деп түсіндірді ол.

ЖАҒАЛЫҚТАР

Газ бағасы бекітілді

Қазақстанда 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап сұйытылған мұнай газдың 1 тоннасының шекті көтерме бағасы 34,319 теңгеден 38,701 теңгеге дейін көтерілді.

ҚР Энергетика министрлігі мәлім еткендей, шекті бағаны айқындау қағидаларына сәйкес сұйытылған мұнай газдың бағасы тоннасына 52 538,27 теңгені құрауы тиіс еді. Алайда, министрлік ішкі нарықта сұйытылған мұнай газының шекті бағасын бекіткен деңгейінде ұстап тұруда. Осыған байланысты, газдың шекті көтерме бағасы 38,701 теңгені құрады.

Бағаның өсуі әлемдік бағаларының өсуінен туындаған өйткені сұйытылған мұнай газдың көтерме бағасы халықаралық нарықта баға белгілеуіне тәуелді.

Темекі қымбаттады

Қазақстанда Үкіметтің «Филтрлі, филтрсіз темекі және папиростардың ең төмен бағасын бекіту туралы» қаулысына енгізілген өзгерістер 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Соған сәйкес елімізде темекі бағасы 20 теңгеге қымбаттады, деп хабарлайды Baq.kz ақпарат агенттігі.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 маусымға дейін филтрлі, филтрсіз темекі және папиростардың ең төменгі бағасы 20 теңгеге қымбаттап, 340 теңге болды, ал 2018 жылдың 1 шілдесінен 31 желтоқсанына дейін 360 теңгеге өседі. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап 380 теңге болады.

Айта көтейік, 2017 жылдың 31 желтоқсанына дейін темекі бағасы 320 теңге болған.

Тегін емдік дәрілердің тізімі ұлғайды

Қалалық әкімдік медициналық тегін жәрдемнің кепілді көлемі шеңберінде амбулаторлық дәрілермен қамтамасыз ету туралы ақпарат таратты, деп хабарлайды Астана қаласы әкімінің баспасөз қызметі.

Республикалық бюджеттен 2018 жылы Астанаға бөлінген 7,6 млрд теңге көлеміндегі қаржыдан 119 мың науқасты қамтамасыз ету үшін лимит белгілі, сол себепті тегін препараттардың тізімі 30% ұлғайды және Астана қаласындағы емханалар берген өтіншілті бюджетті 12 млрд теңгені құрады. Соған сай бюджетті жетіспеушілігі 4,4 млрд теңге болды», – делінген қалалық денсаулық сақтау басқармасының хабарламасында.

Азық-түлік бағасы – бақылауда

Жаңа жылда аймақтағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын қымбаттатпау жұмыстары жалғасады. Атырауда Атырау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сәйкес, тұрақтандыру қорына 692 тонна картоп, 250 тонна пияз, 100 тонна сәбіз, 102,5 тонна қырыққабат алынған. Өнімдер қыс айларында облыс орталығы мен аудандардағы сауда нүктелерінде тиянақталған бағамен сатылады. Өнімнің бір килограммы үшін болжамды баға:

- картоп – 86 теңге;
- пияз – 85 теңге;
- қырыққабат – 81 теңге;
- сәбіз – 100 теңге.
Өнімдер «Дина», «Кектем», «Насиха», «Сарайшық» базарлары мен «Байзар», «Яр-марка» супермаркеттерінде сатылады.

БАЖ САЛЫҒЫ



Автокөлікті тіркеудің жаңа ережесі

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде автокөліктерді мемлекеттік тіркеу ережесі түбегейлі өзгерді, деп хабарлады Елорда инфо.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі баспасөз қызметінің мәліметінше, ведомство көлік құралдарын тіркеу және қайта тіркеу, есепке алу бойынша мемлекеттік қызметтерге талдау жүргізген.

Азаматтар автокөлікті есептен шығаратын кезде жаңа есепке алатын автокөлікке өзінің бұрынғы мемлекеттік нөмірлерін орнатуға 2,8 АЕК көлемінде мемлекеттік бағды, соның ішінде Арнайы ХҚКО және ИІМ тіркеу-емтихан бөлімшелерінде сақтауда тұрған нөмірлер үшін де төлеп келеді.

Агенттіктің мәліметінше, бір жылда орта есеппен мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін сақтауға 11 мыңға жуық азамат өтініш береді және оны қайта тіркеу үшін 63 миллион теңгеден астам сомаға мемлекеттік баж төлейді.

«Агенттік ұсыныстарының негізінде 30 жұмыс күніне дейін мемлекеттік нөмірлерді қайта тіркеу кезінде мемлекеттік баж-дәрдәрі (АЕК көлемінің жыл сайынғы өсуін ескергенде 2018 жылдан бастап 6 734 теңге көлемінде) төлеу қажеттілігін алып тастау мақсатында Салық кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Жаңалық осы жылдан бастап жүзеге аса бастады», – делінген хабарламада.

Тағы бір белгілісі, мемлекеттік нөмірдің 1 данасы жоғалғанда немесе жарамсыз болған кезде азаматтарға оның барлық нұсқасының жынтығы (2 данасы) үшін міндетті түрде мемлекеттік бажды төлеуге немесе автоматшынаны қайта тіркеуге тура келетін.

Мысалы, бір жылда орта есеппен мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінің төлу нұсқаларын дайындауға 1,9 мыңға жуық азамат 11 миллион теңгеден астам сомаға өтініш береді.

Автокөлік иелерін қосымша шығынға батырмау мақсатында сонымен қатар жаңа Салық кодексіне сәйкес мемлекеттік нөмірдің 1 данасын 6 734 теңгенің орнына 3 367 теңгеге дайындауға өтініш беру мүмкіндігі ұсынылады.

Визасыз мемлекеттер

2018 жылы Қазақстан төлқұжаттар индексында екі саты көтеріліп, 65-орынға жайғасты. Бұдан былай қазақстандықтар 71 мемлекетке визасыз бара алады.

2018 жылы Қазақстан әлемдік рейтингте Оман және Белоруссия мемлекеттерімен бірге 65-орынға табан тіреді. Бірақ, еліміздің бұл рейтингте көтерілігіне қарамастан, визасыз баруға болатын мемлекеттер саны сол күйі қалды.

Қазақстанның көршілері паспорттар индексі рейтингінде келесідегідей орындарда тұр: Ресей – 48-орын, Әзірбайжан – 72-орын, Өзбекстан – 85-орын.

Соңғы бес жылдан бері аталған рейтингте бірінші орында Германия тұр. 2018 жылы неміс паспортымен 177 мемлекетке визасыз саяхаттауға болады. Биыл визасыз баруға болатын мемлекеттер тізімі біреуге толықты. Екінші орын 176 мемлекетке визасыз бара алатын Сингапурге тиесілі. Ал үшінші орынға бірден сегіз мемлекет жайғасты.